

Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 11 қаңтардағы № 94 "Өскемен қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 25 маусымдағы № 2008 қаулысы

Өскемен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 11 қаңтардағы № 94 "Өскемен қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің өкілеттіктері болып табылатын тұлғасынан міндеттерді орындау мәніне шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген болса, алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.";

13-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды сақтай отырып, мекемеге жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан заңнамада белгіленген мерзімдерде ақпарат пен құжаттарды сұратуға және алуға.";

14-тармақтың 29) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін құрылыс салу немесе өзге де қала құрылысы мақсатында игеру үшін беру жөніндегі шешімдерді қабылдау, шешімдердің жобаларын дайындау, сондай-ақ заңдарда көзделген жағдайларда жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою жөніндегі шешімдердің жобаларын дайындау.".

2. "Өскемен қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Өскемен қаласы әкімінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Өскемен қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі

А. Акышов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК